

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 83 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 26 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4587 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі N 217 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2013 N 217 (алғаш жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.**

Механикалық көлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Механикалық көлік құралдары мен оларға тіркемелерді мерзімді мемлекеттік техникалық байқау туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4263 болып тіркелген, 2006 жылғы 19 шілдедегі N 132 (1112) "Юридическая газета", 2006 жылғы 19 шілдедегі N 132 (938) "Заң" газеттерінде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтағы екінші және үшінші абзацтар жеке 2.1-тармақ болып бөлінсін және мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Жеке және заңды тұлғалардың көлік құралдарын байқаудан өткізу жол полициясының тексеру пункттерінде мынадай кезеңде:

- шыққан жылын қосқанда жасы 7 жылдан асқан көлік құралын - әрбір 12 ай сайын ;

шыққан жылын қосқанда жасы 3 жылдан 7 жылға дейінгі көлік құралын - әрбір 24 ай сайын ;

шыққан жылын қосқанда жасы 3 жылға дейінгі көлік құралын - әрбір 36 ай сайын жүргізеді .

Бұл ретте автобустар, микроавтобустар мен такси, және де адам тасуға арнап жабдықталған жүк автомобилдері меншік түріне және шыққан жылына қарамастан мемлекеттік техникалық байқаудан әрбір 6 ай сайын өткізіледі.";

### 3 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "Жол полициясының қызметкері" деген сөздер алынып тасталсын, "жасайды" деген сөз "жасалады" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы соңғы сөйлем "және "Технадзор" автоматтандырылған іздеу жүйесінде есепке алынуы тиіс" деген сөздермен толықтырылсын;

### 4 - т а р м а қ т а

бірінші сөйлемдегі "куәлік" деген сөзден кейін "және талон" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші сөйлемдегі "куәліктер" деген сөзден кейін "мен талондар" деген сөздермен толықтырылсын;

### 5 - т а р м а қ т а :

4) тармақшадағы "куәліктерін" деген сөз "куәліктері мен талондарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "мәліметтерді" деген сөзден кейін "Технадзор" автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2003 жылғы 16 қаңтардағы N 22 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2137 болып тіркелген) талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

1-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

### 4 - қ о с ы м ш а д а :

тақырыбында "куәліктердің" деген сөзден кейін "және талондардың" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Технадзор" автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 16 қаңтардағы N 22 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2137 болып тіркелген; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3974 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 651 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) бұйрығына:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Технадзор" автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта :

2-тармақтағы "диагностикалық карталары" деген сөздер "мемлекеттік техникалық байқаудан өткені туралы актілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әр көлік құралына белгіленген үлгідегі мемлекеттік техникалық

байқаудан өту туралы акт жасалады.

Енгізілген ақпарат мемлекеттік техникалық байқау жүргізген жол полициясының жауапты лауазымды тұлғасының қолымен расталады.

Мемлекеттік техникалық байқаудан өту туралы актіге енгізілетін көлік құралы және оның техникалық жай-күйі туралы мәліметтер "Технадзор" ААІЖ есепке алынуы тиіс және мемлекеттік техникалық байқаудан өткізудің технологиялық процесінің бір бөлігі болып табылады.";

9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "диагностикалық картаның" деген сөздер "мемлекеттік техникалық байқаудан өту актісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "Диагностикалық, карта" деген сөздер "Мемлекеттік техникалық байқаудан өту туралы акт" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Технадзор" автоматтандырылған ақпараттық-іздістіру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

"Технадзор" автоматтандырылған ақпараттық-іздістіру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жазылсын.

3. Бұйрықты жол полициясы бөлімшелерінің жеке құрамы зерделесін.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры Қ.Б.Өскенбаевқа жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Ө.Т.Түсімов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрық алғаш жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2007 жылғы 26 ақпандағы  
N 83 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2006 жылғы 8 маусымдағы  
N 263 бұйрығына

1-қосымша

**Көлік құралының мемлекеттік техникалық  
байқаудан өтуі туралы**

**АКТ**

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жасалды. Толтырылған жері \_\_\_\_\_  
Көлік құралының иесі \_\_\_\_\_

МНТ белгісі \_\_\_\_\_ Маркасы, үлгісі \_\_\_\_\_

Шыққан жылы \_\_\_\_\_ Санаты \_\_\_\_\_

Қозғатқыш N \_\_\_\_\_ Шасси \_\_\_\_\_

Шанақ \_\_\_\_\_ Түсі \_\_\_\_\_

Қозғатқыш көлемі (см. куб) \_\_\_\_\_

Рұқсат берілген ең ауыр салмақ, (кг) \_\_\_\_\_

Жүктемесіз салмағы (кг) \_\_\_\_\_

АКҚ мақсаты \_\_ арнаулы, мамандандырылған (керектісін сыз)

КҚТК сериясы, N \_\_\_\_\_

Басқару органдарының орналасуы \_\_\_\_\_

классификация \_\_\_\_\_

Отыратын орындар саны \_\_\_\_\_

Көлік иесінің КҚТК бойынша мекен-жайы \_\_\_\_\_

Сенімхат бойынша мекен-жайы \_\_\_\_\_

Жүргізуші куәлігінің сериясы, N, санаты \_\_\_\_\_

Қашан және қай жерде берілген \_\_\_\_\_

Тексеру барысында анықталған ақаулар туралы ескертпелер және қосымша  
ақпарат \_\_\_\_\_

Байқаудан өтуі туралы қорытынды \_\_\_\_\_

Жол полициясы қызметкері \_\_\_\_\_

(ЖП қызметкерінің аты-жөні, қолы) мөртаңба

Техникалық байқаудан өтуі туралы берілген куәлік N \_\_\_\_\_

Келесі техникалық байқаудан өту мерзімі 200 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Таныстым, көлік құралының иесі(қолы) \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2007 жылғы 26 ақпандағы  
N 83 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2003 жылғы 16 қаңтардағы  
N 22 бұйрығына

1-қосымша

**Көлік құралының мемлекеттік техникалық  
байқаудан өтуі туралы**

**АКТ**

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жасалды. Толтырылған жері \_\_\_\_\_

Көлік құралының иесі \_\_\_\_\_

МНТ белгісі \_\_\_\_\_ Маркасы, үлгісі \_\_\_\_\_

Шыққан жылы \_\_\_\_\_ Санаты \_\_\_\_\_

Қозғатқыш N \_\_\_\_\_ Шасси \_\_\_\_\_

Шанақ \_\_\_\_\_ Түсі \_\_\_\_\_

Қозғатқыш көлемі (см. куб) \_\_\_\_\_

Рұқсат берілген ең ауыр салмақ, (кг) \_\_\_\_\_

Жүктемесіз салмағы (кг) \_\_\_\_\_

АКҚ мақсаты \_\_\_\_\_ арнаулы, мамандандырылған *(керектісін сыз)*

КҚТК сериясы, N \_\_\_\_\_

Басқару органдарының орналасуы \_\_\_\_\_

классификация \_\_\_\_\_

Отыратын орындар саны \_\_\_\_\_

Көлік иесінің КҚТК бойынша мекен-жайы \_\_\_\_\_

Сенімхат бойынша мекен-жайы \_\_\_\_\_

Жүргізуші куәлігінің сериясы, N, санаты \_\_\_\_\_

Қашан және қай жерде берілген \_\_\_\_\_

Тексеру барысында анықталған ақаулар туралы ескертпелер және қосымша

ақпарат \_\_\_\_\_

Байқаудан өтуі туралы қорытынды \_\_\_\_\_

Жол полициясы қызметкері \_\_\_\_\_

(ЖП қызметкерінің аты-жөні, қолы) мөртаңба

Техникалық байқаудан өтуі туралы берілген куәлік N \_\_\_\_\_

Келесі техникалық байқаудан өту мерзімі 200 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Таныстым, көлік құралының иесі(қолы) \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2007 жылғы 26 ақпандағы  
N 83 бұйрығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің

2-қосымша

**Көлік құралының жыл сайынғы мерзімді мемлекеттік техникалық байқаудан өтуі туралы куәліктің үлгісі**

Куәлік баспахана тәсілімен дайындалады, материалдың қалыңдығы 250-300 гр./шаршы м., мәтіні мемлекеттік тілде әзірленеді.

К ө л е м і 7 5 x 1 0 5 м м .

Б е т ж а ғ ы н д а :

Көлік құралының иесі, маркасы (моделі), мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгісі, шыққан жылы, көтеретін жүгі, отыратын орындар саны, қозғалтқыш көлемі, өңірдің белгісі, алты белгіден тұратын куәліктің реттік нөмірі, полиция бақылайтын келесі айы

Көлік құралының жыл сайынғы мерзімді мемлекеттік техникалық байқаудан өтуі туралы куәліктің бет жағы

Көлік құралының жыл сайынғы мерзімді мемлекеттік техникалық байқаудан өтуі туралы куәлік											
Иесі (аты-жөні)											
Маркасы (үлгісі)											
Мем. нөмірі						Шыққан жылы					
Көтеретін жүгі(тн)						Отыратын орын саны					
Қозғалтқыш көлемі											
KZ						Z N 000000					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Көлік құралының жыл сайынғы мерзімді мемлекеттік техникалық байқаудан өтуі туралы куәліктің сыртқы беті

Иесі мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің өзгеруі			
Иесі (аты-жөні)		Мем. нөмірі	
_____ күні		_____ күні	
М.О.		_____	
Иесі (аты-жөні)		Мем. нөмірі	
_____ күні		_____ күні	
М.О.		_____	
мемлекеттік байқауды көрсетілген айда өту керек			
Берілген уақыты	КҚТК	Мөртаңба	Қолы

Сыртқы жағында көлік құралы иесінің және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің өзгергені туралы жазылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК